e-mail: kostanaytany@mail.ru www.kostanaytany.kz

# Қостанай таңы

Облыстық газет 1922 ж. 25 маусымнан шыға бастады

11 шілде 2018 ж. сәрсенбі № 79 (18727)

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

# Мерзімнен кешігуге не себеп?

Жандос ЖҮСІПБЕК

**Қостанай қаласындағы Тәуелсіздік көшесінің жөндеу жұмыстары жаз шығысымен басталған еді. Оның белгіленген мерзімнен кешеуілдеу себебі қалалық әкімдікте болған жиында айтылды.**

Жұмыс процесін созбаққа салып жатқан жылу беретіндер болып шықты. Олардың шаруасын жеделдету негізгі мердігер үшін де мүмкін болмай отыр.

Былайша, жұмыстар үзіліссіз, жақсы қарқынмен жүріп жатыр. Тәуелсіздік көшесінің Баймағамбетов көшесінен басталатын учаскесінде барлық жерасты коммуникациялары төселген. Тек әлі асфальт төселген жоқ. Негізгі мердігердің сөзінше, бұған айыпты – жылу берушілер. Олар осы кезге дейін Дулатов көшесінің филармония алдындағы учаскесінде жұмысты өндірте алмауда.

"Асфальт төсеу үшін, құрығанда астыңғы қабатын құю үшін Дулатов көшесіне дейінгі учаске даяр болуы керек. Бірақ ҚЖЭК жайбасарлық танытуда. Олардың қолын байлап отырған – қажетті жабдықтардың дер кезінде жеткізілмеуі", – дейді "Вакх строй" ЖШС директоры Валентин Шиляев.

2-бет

Суретті түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.

7-20-25

# Бағдарламаның тиімділігі қандай?

Қарлығаш ОСПАНОВА

**Елбасының Қазақстан халқының әл-ауқатын жақсартуға бағытталған 5 әлеуметтік бастамасының бірінші бастамасын, яғни "әрбір отбасына баспана алудың жаңа мүмкіндіктерін беруді" іске асыру аясында Қазақстан Ұлттық Банкі "7-20-25" жаңа ипотекалық бағдарламасын ағымдағы жылдың 31 мамырында бекітіп, "Баспана" арнайы ұйымын құрған болатын. Жалпы, жаңа бағдарлама арқылы пәтерге қол жеткізгісі келетіндерге қандай талаптар қойылған, бағдарламаға қатысу үшін қандай құжаттар қажет, бастапқы жарнаны төлеуге қаражат болмаса, не істеуге болады, бағдарламаның шарттары тиімді ме, тұрғын үй нарығындағы жағдай қаншалықты жақсара түспек? Бұл туралы ҚР Ұлттық банкінің Қостанай облыстық филиалының директоры Ж.Қажрахимов айтып берді.**

Жаңа бағдарламаның тетіктеріне тоқталған филиал директоры оны іске асыру көптеген қазақстандықтардың баспаналы болуына мүмкіндік беріп қана қоймай, ипотекалық несиелеудің қарқынын жандандырып, жалпы ел экономикасының дамуына оң ықпал ететіндігін айтады. Бүгінде "Баспана" ұйымымен "Центркредит", "Халық банкі", "Еуразия", "Цесна банкі", "АТФ", "РБК" және "Тұрғын үй құрылысы жинақ банктері" келісімге қол қойды. "Сбербанк" пен "Форте банк" те бағдарламаға қызығушылық танытуда. Қазіргі таңда бағдарламаны іске асыру басталды, тіпті жоғарыдағы екінші деңгейлі банктер арқылы алғашқы ипотекалық қарыздар да берілген көрінеді.

2-бет

# Мәжілісмен аймақты аралап жүр

Қымбат ДОСЖАНОВА

**ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Артур Платонов Қостанай облысына жұмыс сапарымен келді. Халық қалаулысы 9-15 шілде аралығында біздің өңірде болып, ауыл шаруашылығы, экономика, бюджеттік салалардың және кәсіподақ ұйымдарының еңбек ұжымдарымен кездеспек. Бір аптаның ішінде жиырмаға жуық басқосу өткізу жоспарланып отыр.**

Депутат ең алдымен "Нұр Отан" партиясы ҚОФ-ның белсенділерімен жүздесті. Іс-шарада мемлекеттік бағдарламалардың орындалу барысы талқыланды.

– Қазіргі күні әлемде күрделі жағдай туындап жатыр. Әр ел өздерінің ұстанымдарын, ұлттық құндылықтарын сақтап қалуға асығуда. Бүгінгі заманның кейпі де өзгеруде. Кейбір құндылықтар артта қалып, ұмытылып жатса, енді кейбіреуі алға шығуда. Әлемдік сын-қатерлерге қарсы тұру үшін біздің еліміз өз алдына үлкен міндеттер қоя білді. Сондай маңызды міндеттер "Президенттің бес әлеуметтік бастамасында" толығырақ айтылған,– деді Артур Платонов.

# Мерзімнен кешігуге не себеп?

1-бет

Қажетті жабдықтардың уақытылы әкелінбеуіне мердігер компания араласа алмайды. Өйткені, жылу желілерін төсеу көшені қалыпқа келтіру жобасына енбейді.

"Олардың жобасы бөлек жүргізіліп жатқандықтан, олардың мәселелеріне жол салушылар араласа алмай отыр. Жылу желілерін төсеушілердің біресе құбырлары, біресе жабыны жоқ, "компенсатор болмай жатыр" дегенді айтады тағы бірде. ҚЖЭК-тегілер маған 4 шілдеде Дулатов көшесін толық аяқтаймыз деп уәде берген болатын. Бірақ осы учаскеде әлі әуреленуде. Сондықтан, ТҮКШ бөлімінен осыны бақылауға алуды сұраймын", – деді қала әкімі Базыл Жақыпов.

Қала басшысы Баймағамбетов көшесі мен Алтынсарин көшесі аралығындағы учаске жұмысын 18 шілдеге дейін аяқтауды тапсырды. Өйткені, Әл-Фараби даңғылындағы көлік қозғалысын жауып, қала орталығын көріктендіру жұмыстарын жалғастыру қажет.

"Діни қызмет саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы" әкімдіктің 2015 жылғы 28 шілдедегі № 313 қаулысына өзгерістер енгізу туралы қаулының жобасы Қостанай облысы әкімдігінің дін істері жөніндегі басқармасының – қаулы жобасын әзірлеушінің Интернет-ресурсында (www.religiya.kostanay.gov.kz) "НҚА" – "Нормативтік құқықтық актілер жобалары" бөлімінде орналастырылған

Текс Проекта постановления о внесении изменений в постановление акимата от 28 июля 2015 года № 313 "Об утверждении регламентов государственных услуг в сфере религиозной деятельности" размещен на Интернет-ресурсе разработчика проекта постановления – Управления по делам религий акимата Костанайской области (www.religiya.kostanay.gov.kz) в разделе "НПА" – "Проекты нормативных правовых актов"

Қостанай облысы әкімдігінің "Әкімдіктің 2017 жылғы 8 желтоқсандағы № 626 "2018 жылға арналған субсидияланатын тыңайтқыштар түрлерінің тізбесін және тыңайтқыштарды сатушыдан сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (килограмына, литріне) арналған субсидиялардың нормаларын бекіту туралы" қаулысына толықтырулар енгізу туралы" қаулысының жобасы Қостанай облысы әкімдігінің ресми порталының құқықтық актілер тарауында http://kostanay.gov.kz/npa/proekty-npa/ орналастырылған.

Проект постановления акимата Костанайской области "О внесении дополнений в постановление акимата от 8 декабря 2017 года № 626 "Об утверждении перечня субсидируемых видов удобрений и норм субсидий на 1 тонну (килограмм, литр) удобрений, приобретенных у продавца удобрений на 2018 год" размещен на официальном портале акимата Костанайской области, в разделе нормативные правовые акты http://kostanay.gov.kz/npa/proekty-npa/

# Бағдарламаның тиімділігі қандай?

1-бет

– Қостанай облысында да жаңа бағдарлама арқылы бір тұрғын "Банк Центр Кредит" АҚ арқылы "БК Строй" компаниясынан құны 12 млн теңге тұратын үйді ипотекаға алып үлгерді. Жалпы, жаңа бағдарламаға тек меншігінде пәтері жоқ азаматтар ғана қатыса алады. Олардың төлем қабілеттілігі де ескеріледі, ай сайынғы табысы 100 мың теңгеден төмен болмауы шарт. Осылайша, ресми кірісі бар әрбір жұмыс істейтін азаматқа 20 пайыздан аспайтын мөлшерде бастапқы жарнамен 25 жылға дейінгі мерзімге 7 пайыз үстемемен ипотеканы рәсімдеуге мүмкіндік беріледі. Сондай-ақ, ипотекалық бағдарлама бойынша несиелер тек ұлттық валютамен ғана беріледі, – дейді филиал директоры Жомарт Қажрахимов.

Бағдарлама бойынша қарыз алу үшін қатысушы банкке өтініш жасауы қажет. Ал, қарыздарды беру рәсімінің басталуы және қатысушы банктердің тізімі туралы ақпарат ҚР Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастырылатын болады. Бағдарламаға қатысушы ең алдымен банкке еңбек немесе кәсіпкерлік қызметтен кірісінің болуын растайтын құжаттарды, ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша өтелмеген бережегінің болмауы туралы мәліметті, тұрғын үйінің болмауы туралы анықтаманы, сатып алатын тұрғын үй құжаттары мен тәуелсіз бағалаушының бағасын ұсынуы тиіс. Егер қарыз алушының кірісі жеткіліксіз деңгейде болса, қосалқы қарыз алушы тартуға рұқсат етіледі. Сондай-ақ, бағдарламада қарыз алушылар үшін белгіленген талаптар қосалқы қарыз алушыларға қолданылмайды, оларға қойылатын талаптарды банк дербес белгілейді. Ал, кірісі жоқ, яғни төлем жасауға қабілетті болып табылмайтын азамат Бағдарлама бойынша қарыз ала алмайды.

Бүгінде ресми www.baspana72025.kz сайты іске қосылды, одан барлық қажетті ақпаратты алуға болады. Сондай-ақ, +7 (727) 227-20-25 тегін нөмірі бойынша call-орталық тәулік бойы жұмыс істейді. Қазіргі уақытта 7-20-25 бағдарламасының мобильді қосымшасы әзірленуде, ол жуық арада App Store мен Play Маркет арқылы көшіріп алу үшін қолжетімді болады.

Жалпы, Қостанай облысында биылғы жылдың алғашқы бес айында 7,5 млрд теңгеге ипотекалық несие рәсімделген көрінеді. Бұл былтырғы жылғы деңгейден екі есеге көп. Ал, ипотекалық қарыз көлемі 1 млрд теңгеден асатын көрінеді.

ЛАТЫН ӘЛІПБИІ – ЖАҢА КӨКЖИЕК

# Түсіндіру жұмыстары жалғасады

Нұрқанат ҚҰЛАБАЕВ

"Нұр шаңырақ" қоғамдық қоры латын графикасы негізіндегі жаңа қазақ әліпбиін ілгерілету бойынша әлеуметтік жоба жұмысын бастады. Жобаға жергілікті филолог-ғалымдар қатысатын болады. Олар биыл облыс аудандарын аралап, жаңа әліпбидің әлеуеті мен мән-маңызы туралы ғылыми-танымдық жиындар өткізбек. Бұл туралы аймақтық коммуникация қызметі орталығында өткен баспасөз мәжілісінде облыстық тілдерді дамыту басқармасының бөлім басшысы Кенжеғали Бимағамбетов мәлім етті.

Баспасөз конференциясында жаңа әліпбиді қоғамдық ойталқыға салу, оның маңызын халыққа түсіндіру барысы сөз болды. Бұл бағытта, әсіресе, бұқаралық ақпарат құралдарының орны ерекше. Мәселен, биыл алғашқы жартыжылдықтың өзінде аудандық БАҚ-та 365 латын әліпбиіне арналған мақала, электрондық БАҚ-та 84-тен астам материал шыққан. Мұның сыртында, мемлекеттік органдардың интернет-ресурстары мен әлеуметтік желілерде 1 мыңнан астам тақырыптық мақалалар, ой-пікірлер жарияланған.

– Тілдерді дамыту басқармасы өткізген сауалнама қорытындысы бойынша, өңір тұрғындарының 65%-і төл әліпбидің латын графикасына өтуін қолдаған. Бұл бұған дейін жүргізілген түсіндіру жұмыстарының нәтижесі, – дейді басқарма мамандары.

Ал, "Нұр шаңырақ" қоғамдық қорының жанынан құрылған ақпараттық топ Аманкелді, Денисов, Жанкелдин, Жітіқара, Қамысты, Қарасу, Меңдіқара, Таран, Ұзынкөл, Федоров аудандары мен Лисаков және Арқалық қалаларына баруды жоспарлап отыр. Басты мақсат – жергілікті тұрғындармен жүзбе-жүз сұхбаттасып, ой-пікір алмасу. Қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіру жобасына ат салысып жүрген ғалымдардың зерттеу еңбектерін, осы саладағы өзге де танымдық ой-тұжырымдарды халыққа тарату.

ПАРТИЯ ТЫНЫСЫ

# Қоғамдық қабылдау

Руслан ӘЛКЕЕВ

**Сарыкөл ауданында "Нұр Отан" партиясы қоғамдық қабылдау өткізді. Оған 70-тен астам тұрғын жүгінді.**

Сарыкөлдіктердің көкейкесті сауалдарына жауап беріп, олардың нақты шешімін беру үшін облыстық құқық қорғау органдары мен мемлекеттік мекемелердің басшылары арнайы өңірге келді. Осы мүмкіндікті ауыл халқы сәтті пайдалана білді. Бұл күні жеке әрі ортақ сауалдарын жолдағандардың дені жастар болды.

Тұрғындар аудан орталығындағы ішкі жолдардың ағымдағы жөндеу жұмыстарына қатысты сұрақтарын қойды. Кейбіреулері мұң-мұқтажымен бөлісті. Олардың мәселелері сол орында шешілсе, енді бірінікі алдағы уақытта шешімін табатын болды.

Айта кеткен жөн, жыл басынан бері "Нұр Отан" партиясының қоғамдық қабылдауына 3000-нан аса адам жүгінген. Сауалдардың 40 пайызы оң шешімін тапқан. Ал, қалғанын мемлекеттік орган өкілдері кеңесімен шешілетіндігін партиялықтар атап өтті.

Сарыкөл ауданы.

САЛАУАТТЫ ҰЛТ

# Қорға берешек – 42 мың теңге

Қарлығаш ОСПАНОВА

"Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры" КЕАҚ Қостанай облысы бойынша филиалының директоры С.Аймұхамбетованың айтуынша, еліміз бойынша бір жылдың ішінде әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына 81 млрд теңгеге жуық қаржы түскен. Оның 72,1 млрд теңгесі (89,5% жуығы) жұмыс берушілердің қарамағындағы жұмыскерлері үшін жасаған аударымдары болса, қалған 8,5 млрд теңге (10,5% жуығы) – жеке кәсіпкерлер мен азаматтық-құқықтық келісімшарт негізінде еңбек ететін тұлғаларға тиесілі. Ал, маусым айында қорға 8,7 млрд теңгеден астам жарна аударылған.

Аймақтық тұрғыдан алғанда, жарна төлеу жағынан Алматы және Астана қалалары мен Қарағанды облысы көш бастап тұр. Жоғарыда көрсетілген жалпы соманың 3 млрд 418 млн теңгесі қостанайлықтардан (291 870 адам) түскен. Қостанай облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің мәліметінше, ағымдағы жылдың 4 маусымындағы жағдай бойынша жарналар мен аударымдар берешегі 47 121 мың теңгені құрап отыр. Соның ішінде берешектің жоғары үлесі Қостанай (14 662 теңге) қаласы мен Сарыкөл (5 392 теңге) және Федоров (5 378 теңге) аудандарына тиесілі.

– Жалпы, қорда жинақталған қаржы Ұлттық банкте сақталады. Еліміздің бас банкімен қаржыны сенімгерлік басқару туралы келісім бекітілген. Түскен қаражат МӘМС пакеті шеңберіндегі қызметтер ақысын төлеуге жұмсалады. Қолданыстағы заң бойынша, әлеуметтік медициналық сақтандыру шеңберінде қызмет көрсету 2020 жылдан басталуы тиіс, – дейді С.Аймұхамбетова.









# "Қауіпсіз пәтер" қауіпсіз ете ала ма?

Шұға ҚОҢҚАБАЙ

Рудныйда қоғамдық тәртіпті сақтау мен азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қылмыстың алдын алу үшін тәртіп сақшылары күзет фирмалары және жеке пәтер иелері кооперативтерінің өкілдерімен кездесті.

Тәртіп сақшылары пәтер ұрлығы, өзге де тәртіп бұзушылықтың алдын алу үшін "Қауіпсіз көлік", "Қауіпсіз пәтер" жобалары тиімділігіне тоқталды. Пилоттық жоба бойынша пәтер ұрлығының санын азайтуға маңызды үлес қосатын бейнебақылау жүйелері аула мен тұрғын үйлердің кіреберістерінде орнатылады. "Қазіргі заман талаптарына сай азаматтар мен олардың мүлкінің қауіпсіздігін жоғары деңгейде қамтамасыз етуде ақпараттық технологиялар маңызды рөл атқарады. Бейнебақылау жүйелерін іс-тәжірибеде кеңінен қолдану көшелер мен қоғамдық орындардағы тәртіпті сақтау, жол қозғалысын бақылау, жедел-іздестіру шараларын жүргізу сияқты маңызды мәселелерді шешуге жол ашады. Мәселен, іске асырылып жатқан "Қауіпсіз пәтер" жобасының барысында пәтер ұрлығының санын азайтып, жалпы тұрғындардың қауіпсіздігі жөніндегі шараларды дамыту жоспарланып отыр.

ІІД бастығының бірінші орынбасары Жанболат Олжабаев жұмыс бабындағы кездесу кезінде көлік пен көшелерге бақылау камераларын орнатуды ұсынды. Мәселен, осыдан төрт жыл бұрын кеншілер қаласының орталық көшелерінде жедел бақылау орталығы жұмыс істей бастады. Соның арқасында, қоғамдық орындарда құқық бұзушылық пен қылмыс азайды. Қазір қалада 29 бейнебақылау камерасы бар. Жыл басынан бері 8 қылмыс және 3 мыңға жуық құқық бұзушылықтың ізі суымай ашылды. Сондықтан облыс орталығынан бастау алған пилоттық жобаны кеншілер қаласында жүзеге асыруға шақырды.

– Кеншілер қаласында 4 856 пәтер мен үй бар. Оның 701-і ғана орталықтандырылған күзет пультіне қосылған. Пәтер ұрлығын төмендету және алдын алу үшін өз күшімізбен көп қабатты үйлердің кіреберістеріне бейнебақылау камераларын орнатуымыз қажет, – деді ол.

Алдағы уақытта пәтер кіреберісіне орнатылған бейнебақылау камераларын жеке пәтер иелері кооперативтерінің өкілдері бақылап отырады. Оған арнайы қызметкер бекітіледі. Сондай-ақ, полиция полковнигі рудныйлықтарға "Қауіпсіз көлік" жаңа жобасын да ұсынды. Бұл бастама қоғамдық көліктерде қалта ұрлығын азайтуға септігін тигізбек. Тәртіп сақшылары автобус фирмаларының жетекшілеріне қоғамдық көліктерді бейнебақылау камераларымен жабдықтау бастамасын көтерді.

Болашақта бейнебақылау камераларын қаланың барлық аудандарында, әсіресе, халық тығыз орналасқан және тұрғын үйлердің көптеп салынған аймақтарында орнату жоспарланып отырғанын полиция белгілеп айтты.

"Қауіпсіз пәтер" жобасын іске асыруға жергілікті әкімдіктерді, тұрғын-үй кооперативтерін, күзет құрылымдарын және тұрғындардың өздерін қатыстыру жоспарда бар. Қазіргі таңда мемлекеттік-жекеменшік серіктестіктің аясында қоғамдық тәртіпті сақтау шараларын жетілдіруге қатысып, бейнебақылау орнатып жүрген жекеменшік құрылымдар жобаға қосылған.

АЙМАҚ

# Дәрілемесең дән шіриді

Мұрат ЖҮНІСҰЛЫ

"Республикалық фитосанитарлық диагностика және болжамдар орталығы" РММ Арқалық аймақтық филиалы өңірде ұзақ жылдардан бері ауылшаруашылық дақылдарының сапасын жақсартумен айналысып келеді.

Өткен жылғы толассыз жауған жауынның және көктемгі су тасқынының әсерінен егіс зиянкестерінің тұқымдары шайылып, егіс алқаптарына айтарлықтай зиян келтіре қойған жоқ. Бұл биылғы жылы көктемгі және жазғы анықтау жұмыстарын жүргізу барысында белгілі болды.

– Көптеген шаруашылықтар зиянкестерге және арамшөптерге қарсы өз күштерімен күрес жүргізді. Өткен жылы шегірткеге қарсы 8000 гектар жерді дәрілеу жоспарланса, биыл ол 1000 гектарға дейін азайып отыр. Бұл көрсеткіш өңірде жылмажыл егіс зиянкестерімен күрестің оңалып келе жатқандығын көрсетеді.

Сонымен қатар, арамшөптің "Жатаған укекіре" түріне сақтық шаралары аймақ бойынша 30 мың гектар жерге жүргізілуде. Егістіктің түрлі зиянкестерінің жаңа ошақтары анықталған жағдайда тиісті орындарға дабыл беріледі.

Ауылшаруашылық дақылдарының түрлі ауруларына қарсы шаралар көктемгі тұқым себу науқаны кезінде уақытылы атқарылып отырады. Мәселен, көктемгі уақытта тұқымды күн көзіне қыздырып, түрлі ауруларға қарсы дәрілеу жұмыстары жүргізіледі.

Қысқы уақытта шаруа қожалықтары филиал зертханасына тұқымның сапасын тексертеді.

Жалпы, егістен сапалы, жақсы өнім алу үшін егіс алқаптарында зиянкестерге қарсы күрес шараларын дер кезінде жүргізген абзал, – дейді филиал басшысы Дәулет Жакупов.

Арқалық қаласы.

# "7-20-25"

Жұматай КӘКІМЖАНОВ

## Арифметикалық шешім

Елбасымыздың бастамасымен қолға алынған "7-20-25" бағдарламасы еліміздегі баспанасыздар мәселесін түбегейлі болмағанымен, барынша шешуі тиіс. Бағдаралманы жан-жақты талдаған отандық сарапшылар осындай пікірде.

Бағдарлама ресми кірісі бар әрбір жұмыс істейтін азаматқа 20 пайыздан аспайтын мөлшерде бастапқы жарнамен 25 жылға дейінгі мерзімге, жеті пайыз үстемемен ипотеканы рәсімдеуге мүмкіндік береді. Бұл дегеніміз, республиканың түкпір-түкпіріндегі баспаналы болғысы келетін, тұрақты табысы бар адамдар осы бастама негізінде несиеге үй алады деген сөз.

Ипотекалық қарыздың ең көп сомасы өңірге байланысты болмақ. Себебі, еліміздің ірі қалаларында және өңірлерінде тұрғын үйдің нарықтағы бағасы әртүрлі. Тұрғын үй секторын сараптап жүрген мамандардың пікірінше, жеңіл әрі ұғынықты түсіндіріліп жүргенімен, айтулы бағдарлама әлі де жетілдіруді талап ететін көрінеді. Атап айтқанда, бағдарламаға қатысушылардың әлеуеті, комиссия жұмысы мен қаржыландыру операторларының әрекеті, қаржыны игеру тәсілін әлі де пысықтап алған жөн.

## Не түсініксіз?

Еліміздің Ұлттық банкі қазақстандықтардың "7-20-25" мемлекеттік тұрғын үй бағдарламасына қатысты жиі қоятын сұрақтарын жіпке тізіп, оларға барынша, ашық жауап беруге тырысты, – деп хабарлайды Tengrinews.kz ақпарат агенттігі. Қаржы институты өкілдерінің уәжіне құлақ асар болсақ, ең алдымен, отандастарымыз бағдарламаға қатысу үшін қандай құжаттар қажет екендігін білгілері келеді екен.

– Тұрғын үй бағдарламасына "7-20-25" талаптарына сай келетін Қазақстанның кез-келген азаматы қатыса алады. Ең бастысы, қатысушының тұрақты немесе кәсіпкерлік табысы болуы шарт. Сондай-ақ, өзге де құжаттары мен мүмкіндіктері банк талаптарына сәйкес келуі тиіс", – делінген мекеме жауабында. – Басында баспанасы барлар мен бұған дейін ипотекалық қарызға кіргендер бұл бағдарламаға қатыспайды. Банк талаптарын орындауға қауқарсыздар мен тұрақты табысы жоқтар да, бағдарламаның шапағатын сезіне алмайды. Десек те, бағдарламаға қатысуға ниет білдіргендерді кепілгерлердің күшімен баспанамен қамтамасыз ету жағы қарастырылған. Кепілгердің құжаттары банк талаптарымен сәйкестендіріліп, таза табысының ипотекалық қарызды жабуға қауқарлы екендігі ескеріледі. Банк өз ыңғайына сай, бағдарламаға қатысушылардан өзге де құжаттарды сұратуға құқылы. Үйлі болуға ниеттілер мен кепілгердің несиені қайтару мүмкіндіктері, несие тарихының тазалығы - ипотекалық бағдарламаға қатыстыру барысында толық ескерілмек.

Бағдарлама төрт кезеңде іске асырылады. Бірінші кезеңде банктер мен қор нарығының мүмкіндіктерін барынша іске қоса отырып, ипотекалық кредиттердің секьюритилендіру (құнды қағаздар шығару арқылы қаржы тартудың формасы) тетігін қалпына келтіреді.

Ұлттық Банк Басқармасы 100% еншілес арнайы компанияны – Бағдарламаның операторын құру мәселесін қарап жатыр. Оның капиталы Ұлттық Банктің қаражаты есебінен қалыптасады. Капитал компанияға "7-20-25" формуласы бойынша ипотекалық кредиттерді сатып алу рәсімін іске қосу үшін нарықтық талаптармен қаржы нарығынан қаражат тарту үшін қажет. Бұл – секьюритилендіру тетігі.

Екінші кезең. Бағдарламаны тиімді іске асыру үшін осы компанияны қаржы агенттігі тануы керек. Яғни, бұл – компанияның облигациялары үшін мемлекеттік бағалы қағаздарға салық салғандай салық салу дегенді білдіреді.

Үшінші кезең тұрғын үй бастамасының жаңа мүмкіндіктері әркімге жеңілдік талаптарын беретін мемлекеттің теңдесіз қадамы болып сипатталады.

Төртінші кезең жеңілдік берілген ипотекалық кредиттер толығымен қамтамасыз етілген және түгел қайтарымды болуға тиіс екендігін білдіреді.

Айтулы бағдарламаға еліміздегі барлық баспанасыз азаматтар қатыстырылады. Бұрынғыдай әскерилер мен мемлекеттік қызметкерлер, мүмкіндігі шектеулі жандар, көпбалалы отбасылар деп жіктелмейді, баспана алуға ниеттілердің барлығына да біркелкі талап қойылмақ. Сұрақ-жауап барысында бастапқы жарна мәселесі де көтерілген. Ұлттық банк өкілдерінің айтуынша, 20 пайыздық жарна кепілге қойылатын мүліктің, яғни, саудаға салынған баспананың жалпы бағасынан есепке алынады. Ал, оның құнын банк оператор есептеуі тиіс. Бастапқы жарна ақшалай төленеді. Өзге мүліктерді кепілге қоюға рұқсат етілмейді.

## Бәрімізге бұйырады

Сарапшылардың пайымдауынша, аталған бағдарламаның қолжетімділігі – жаңадан тұрғызылып жатқан үйлердің бағасын айтарлықтай көтеруі ықтимал. Мұның есесіне, қолданыстағы үйлерге сұраныс азайып, бағасы да төмендеуі тиіс. Жаңа бағдарлама қолданысқа енгізілісімен, екінші деңгейлі банктер арқылы үй алушылардың қатары күрт кемиді. Бұл өз кезегінде қаржы институттарының несие саясатын қайта қарауына итермелеуі тиіс.

Түрлі себептермен бағдарламаға іліге алмай қалатындарға да баспана бұйыруы мүмкін. Бұлай деп тон пішуімізге тұрғын үй нарығындағы оң өзгерістер себеп болып отыр. Жаңа бағдарламаға сәйкес, арзандатылған несие тек, жаңадан тұрғызылған үйлерді алуға ғана берілмек. Осыған байланысты, бюджеттің де, жеке кәсіптің де қаражаты жаңа баспана тұрғызуға жұмсалуда. Тек, Қостанай облысының өзінде ғана, "БК-Строй", "Ирина и К", "Ерлан" іспетті компаниялар тапқан-таянғанын тұрғын үй нарығына салуда.

Көпшіліктің аңсарын аудартқан "7-20-25" – қолданыстағы үйлердің саудасын айтарлықтай саябырсытты. "Krisha.kz" порталы жүргізген сараптамаға сүйенер болсақ, (алушылары болмағандықтан) қазірдің өзінде қолданыстағы үйлердің бағасы 7-10% дейін төмендепті. Атап айтқанда, Астана, Алматы қалаларында орташа есеппен алғанда, баспананың әр шаршы метрі 320 мың теңгеден саудалануда. Былтырғы жылдың дәл осы мерзімінде Қазақстанның мегаполистерінде баспананың әр шаршы метрінің 360 мың теңгеге бағаланғанын айта кеткен жөн. Өңірлерде де бағаның төмендегені байқалады. Ақтөбеде 1,7 пайызға немесе 2600 теңгеге арзандаған. Қазір қалада тұрғын үйдің шаршы метрінің орташа бағасы – 153,6 мың теңге. Ақтау, Орал, Өскеменде шамамен бір пайызға төмендеген. Қостанайда 1990-2005 жылдар аралығындағы үйлердің әр шаршы метрі 120 мың теңгеден бағаланған. Былтырғы жылдың дәл осы мезгілінде бұл баспаналар 180 мың теңгеден саудаланғанын айта кеткен абзал.

Осылайша, "7-20-25" мемлекеттік бағдаралмасы жанамалай болса да, қолданыстағы үйлердің бағасының арзандатылып, халыққа тиімді бағамен сатылуына себеп болуда. Несиелендіру бағытындағы осы тектес өзгерістер табысы төмен облыстарға өте тиімді. Өңірлердегі арзан баспана, арзан несие – аймақтардағы кадр тапшылығын да шешуі тиіс дейді мамандар.

АЙМАҚ

# Көшелер жөнделіп, газ тартылуда...

**Облыс орталығынан алыс емес қашықтықта орналасқан Әулиекөл жері қашаннан төскейі төрт түлік малға, танабы егінге толы өңір. Береке-бірлігі жарасқан бұл өңірдің халқы да өз аудандарының дәулеті мен сәулетін арттыруға жұдырықтай жұмылып еңбек етуде. Міне, осының арқасында Әулиекөлдің әлеуеті артып, экономикасы да ырғақты қарқынмен даму үстінде. Әсіресе, селодағы серпінді істер көңіл қуантады.**

**Қарлығаш ОСПАНОВА**

Биылдан бастап халық саны екі мыңнан асатын ауылдардың өз бюджеті пайда болды. Бұл өзгерістер "100 нақты қадам – Ұлт жоспарына" сәйкес жүзеге асуда. Әр ауылдың жергілікті бюджеті елді мекен тұрғындарының төлейтін салығына байланысты қалыптасады. Жаңа жүйеге байланысты енді Әулиекөл селосы мен Құшмұрын, Аманқарағай және Диев ауылдық округтерінің де өз бюджеті болады. Әулиекөл селосының әкімі Дүйсенбай Тілемісовтың айтуынша, салықтардан жиналған қаражат бірқатар мәселені шешіп, халықтың тұрмыс-тіршілігін жақсартуға жұмсалмақ. Бүгінде селолық әкімдік тұрғындардан салық жинау жұмысымен айналысып жатыр. Себебі, осы күнге дейін жиналып қалған қарыз көлемі 15 млн теңгеден асып жығылатын көрінеді.

Облыстың әр елді мекендеріндегідей Әулиекөл селосында да көктемгі, күзгі санитарлық тазарту, көркейту, көгалдандыру, жарықтандыру жұмыстары жақсы жолға қойылған. Жарықтандыру демекші, биыл бұл мақсатқа 5 млн теңгедей қаражат бөлініпті. Қазіргі таңда село көшелеріне энергия үнемдейтін екі жүзге

жуық шам орнатылған, алдағы уақытта барлық көшелерге осындай шамдар орнату жоспарланып отыр. Ал, санитарлық тазалық жұмыстарына 2 млн 700 мың теңге, абаттандыру жұмыстарына 6 млн теңге, жолдарды қардан тазартуға, жамап-жасқап жөндеуге барлығы 10 млн теңге бөлінген. "Жұмыла көтерген жүк жеңіл" демекші, село тұрғындары да тазалық жұмыстарына белсене қатысып отырады. Аптаның әр бейсенбісінде барлық мекеме, ұйым қызметкерлері сенбілікке шығады. Жыл сайын көгалдандыру жұмыстарына да қатты көңіл бөлінеді, мәселен биылдың өзінде 750 түп ағаш отырғызылды.

Рас, аудан орталығындағы көше жолдарының дені сын көтермейді. Дегенмен, аудан басшылары бұған бей-жай қарап отырған жоқ. Жыл сайын ауданішілік жолдарды тақтайдай тегіс қылып жаңартпаса да, жамап-жасқау жұмыстарын үзген емес. Осының арқасында село көшелерінің бірсыпырасы қалыпқа келтірілді. Биыл селодағы Еркімбаев, Асанбаев, Баймағамбетов, Сарыжетім Қарабалуан және Қостанай көшелеріне орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді. Бұл көшелердің жөндеу жұмыстарына облыс бюджетінен 126 млн теңге, ал аудан бюджетінен 42 млн теңге бөлінген көрінеді. Жалпы, аудан бойынша 74 көше бар, алдағы уақытта соның бәрін қалыпқа келтіру көзделген. Ал, селоны газдандыру мәселесіне келер болсақ, бүгінде әулиекөлдіктер үшін көптен күткен қуаныштың басы басталып, көшелердің барлығына газ құбырлары тартылуда.

– Жалпы, селоның тазалығы, көгалдандыру, абаттандыру бойынша біраз жұмыстар атқарылып жатыр. Бір қуанарлығы, биыл облыс әкімінің қолдауының арқасында облыс қазынасынан



қомақты қаржы бөлініп, аудан орталығындағы бес көше жөнделіп, қалыпқа келтірілді. Жыл сайын шұрық-тесігін жамайтынбыз. Бірақ, әбден тозығы жеткен жолға бұл аздық етеді. Сондықтан, түбегейлі орташа жөндеу жұмыстарын жүргізуді қолға алдық, – дейді Дүйсенбай Төлегенұлы.

Село әкімінің сөзінше, алдағы уақытта атқарылатын жұмыстар жетіп артылады, биыл орталық саябақ жаңартылып, ол жерде спорттық алаңдар салынатын болады. Сондай-ақ, селоның кішкентай тұрғындары үшін де жағдай жасалмақ. Мәселен, аудан орталығындағы балалардың ойын алаңы 2015 жылы салынған көрінеді. Сондықтан биыл аудан әкімінің қолдауымен ауданның кішкентай тұрғындары үшін орталықтағы мәдениет үйінің артындағы саябақты жаңарту жоспарланып отыр. Ол жер қалыпқа келтіріліп, жаңадан аттракциондар мен транежерлық-спорттық жабдықтар орнатылып, балалар саябағына айналатын болады. Мұның сыртында, амфитеатр салынып, шахмат үстелін қою да жоспарланып отыр. Сондай-ақ, алдағы уақытта тағы да балалардың ойын алаңын салу ойда бар көрінеді.

– Бүгінде ауданда мемлекеттік бағдарламалар арқылы несие алып, өз кәсібін ашып, немесе бар бизнестерін жандандырып жатқандар саны артып келеді. Мұның сыртында мал шаруашылығы ғана емес, шаштараз, дәнеркерлеу цехы, ағаш дайындайтын цех, жүк тасымалы сияқты кәсіптер ашып жатқандары қаншама. Бұл әрине өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін берері сөзсіз, – дейді село әкімі Д.Тілемісов.

Былтыр Әулиекөл селосының бас жоспары жаңартылды. Село әкімінің айтуынша, бас жоспар 1989 жылдан бері өзгертілмеген екен. Сол себепті де, жаңа жоспар елу жылға есептелген. Осының арқасында ауылдың болашақтағы дамуы бекітілген көрінеді. Жаңа жоспарда көрсетілгендей, республикалық жолдың бойында жолаушыларға арналған сервистік қызмет көрсететін орындар ашу көзделген көрінеді. Бұл мақсатқа бүгінде сырттан инвесторлар тарту көзделген. Бір сөзбен айтқанда, бас жоспарда көрсетілген жұмыстардың бәрі іске асса, селоның әлеуеті одан сайын артпақ.

Әулиекөл ауданы.

**Суреттерді түсірген автор.**

ОЙ-ОТАУ

**Берік Әбдіғалиұлы көпшілікке ұстанымы нық саясаттанушы, іскер ұйымдастырушы, білікті басшы, айтары бар азамат ретінде жақсы таныс. Бірнеше жыл Арқалық қаласында әкім болып, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосты. Ал оның соңғы жылдары тарих саласына қосып жүрген еңбектері өз алдына бөлек әңгіме. Мәскеу, Санкт-Петербург, Омбы, Томск қалаларының архивтерін ақтарып, зерттелмей келе жатқан Алаш әскері туралы еңбектер жария етті. Бүгінде "Қасиетті Қазақстан" ғылыми-зерттеу орталығының директоры қызметін атқаратын Берік Әбдіғалиұлы жоғарыда аталған тақырыптар төңірегінде ой бөлісті.**

## Берік ӘБДІҒАЛИҰЛЫ:

# "КЕНЕСАРЫ ТҰЛҒАСЫ толық танылған жоқ"

### "Қала қазақы қасиеттерді жоғалтты"

**– Берік Әбдіғалиұлы, Арқалық қаласына әкім болып тағайындалған күннен бастап, әлеуметтік-экономикалық тұрғыда бірнеше жобаны қолға алдыңыз. Әкімдіктің жұмыс істеу форматы өзгерді. Қысқасы, қордаланып қалған мәселелер шешіліп жатты. Дегенмен, "мына нәрсе орындалмай қалды" дейтіндей не бар? Шыны керек, Арқалық "Ақ Берігін" жібергісі келмеді...**

– Жасырып қайтемін, қаладан өзім де кеткім келмеді. Тұрғындармен тығыз байланыста жұмыс істеп үйреніп қалған едім. Жұмыстан тыс уақытта да адамдармен кездесіп, барынша ашық болуға ұмтылдым. Соның арқасында шығар, жеке пошта, блогыма, әлеуметтік желілерде хаттар көптеп келетін. Бір жағынан, күйі кетті деген қалаға әр келтіріп, өзімді сынағым келген шығар. Алайда, ротация бойынша мені Қарағандыға ауыстырды. 2013 жылдың желтоқсан айында қызмет ауыстыруым керек-тін. Үкіметке бұл лауазымды наурыз айына дейін созуды сұрадым. Мүмкіндік берсе, әлі де қала берер едім. Себебі, өзім бастаған қаланы дамыту бағдарламасын орындап кеткім келді. Халықтың маған деген құрметіне ризамын. Расында да, қиын шаруаларды тұрғындардың демеуімен шештік. Көбі білетіндей, жаңа ғасырдың бірінші онжылдығы тұсында моноқалаларды, яғни бір өндіріс ошағына тәуелді өңірлерді дамыту бағдарламасы қабылданды. Сол уақытта Қазақстанда жағдайы күрделі деген екі қала анықталды. Оның бірі – Жаңатас, екіншісі – Арқалық. Осылайша, Үкімет мені Арқалыққа жіберді. Маған Арқалықты дамыту бағдарламасын жасау тапсырмасын қойды. Біз қалаға қажетті бастамаларды Үкіметте қорғап, қаржы бөлгіздік. Мен "Арқалық-Шұбаркөл" жобасы басталып жатқанда келдім. Негізі, "Арқалық-Жезқазған" теміржолы дұрыс еді. Екі қала жақын орналасқан, егер жол торабы салынғанда бір-біріне экономикалық жағынан көмегі тиер еді. Қос өңірдің арасы небәрі 300 шақырым ғана. Мысалы, Арқалықта шығатын пайдалы қазбалар, құрылысқа қажетті материалдардың көбі Жезқазғанда жоқ. Олар керектілерді Қарағандыдан алдыртады. Ал, керісінше, Жезқазғанда Арқалықта жоқ өндіріс ошақтары бар. Арқалыққа әкім болып келгендегі арманым – осы екі өңірдің арасын жалғап, байланыс орнату еді. Тағы бір өзекті мәселе – қираған ғимараттар. Дағдарыс жағадан жармасқан кезде жұрт қараусыз тұрған бетон тастарды бұзып, темірлерін өткізіп күн көрді. Қаланы дамыту бағдарламасы осы сұрақты да біржақты етер еді. Оның жоспарын жергілікті газетке жарияладық. Бірақ, ол іске асып жатқанда мені әкім қызметінен босатты.

**– Бір сұхбатыңызда: "Әкімдер әлеуметтік-экономикалық мәселелермен шектеліп қалмауы керек, ұлттық рухқа мән берген дұрыс", – депсіз. Әрине, сіздің жұмысыңызды халық бағалайды. Өзіңіз осы үдеден қаншалықты шыға білдіңіз? Рухани тұрғыда қандай шаруалар атқарылды?**

– Әкім өңірдің тұрмысына ғана жауапты емес. Рас, егемендік алған елең-алаң тұста қалалар мен ауылдардың жағдайы күрделі-тін. Оларды оңтайлы шешу үшін коммуналдық саладан бастап, өндіріске дейін нық тұрғызу мәселесі тұрды. Біз ол заманнан өттік. Дәл қазіргі сәтте тұрғындардың рухани өміріне де назар салу міндет. Себебі ұлттық тәрбие, салт-дәстүр жағынан әкімдерге ойланатын жағдай туындады. Мысалы, мал шаруашылығы жақсы дамыған өңірдің әкімі агроном немесе ветеринар болуы шарт емес. Бастысы, қазақы ойлай алатын жаңа мемлекеттік менеджер болсын. Әсіресе, еңсесі түсіп кеткен ауылдардағы жастарды алға жетелейтін адамдар қажет. Көптеген жаста мақсат жоқ, ынтасы аз, соның салдарынан нәтиже шығара алмай жүргені. Ұлт сана-сезімінің діңгегі, рухани азығы – ауылдағы ағайынның талап-ұсынысын тыңдау да әкімдердің бір жұмысы. Елді мекендер мен көшелердің тарихи атауларын қайтару мәселесінің өзін әлі де біржақты ете алмай келеміз. Мәселен, қазір білмеймін, бертінге дейін Арқалықта Комсомольский, Пролетарский, Ленин, Фурманов көшелері болды. Мұның бәрі идеология мәселесі мен соның басшыларына байланысты.

**– Облыста Ленин көшесі әлі де бар, аға. Осы көше ауыстыру мәселесіне келгенде қаншама абыройлы аға-апаларымыз кідіріп қалады. Оның шет жағасын өзіңіз де көрдіңіз. Бұл әлгі жасқаншақтық пен жалтақ қазақтың жайы ма?**

– Барлығына өзіміз кінәліміз, ақталудың қажеті жоқ. Елдік алған тұсқа басқа ұлттардың қазақ тілін үйренуге деген қызығушылығы жоғары болатын. Орыс ұлты тіл үйренуге психологиялық тұрғыдан алғанның өзінде дайын еді. 1994 жылы ма деймін – Қазақстаннан 3 миллионға жуық адам көшіп кетті. Міне, бұлар – қазақ тілін мойындамайтындар. Ал қазақылыққа көндіккендер елде қалды. Бірақ, қатты айтсаң өзімізге тиеді, сол кезде барлығын қазақыландырып алу керек еді. Ал қазір бір көшенің атын өзгерту үшін біреулерден рұқсат сұрауға мәжбүрміз. Бас кезінде шешіп алмаған соң, қазір кеш. Басқасын қайдам, Петропавл, Павлодар қалаларының атауларын уақытында ауыстыра алмадық. Қазір біздегі "көрші факторы" ықпалының күшеюіне байланысты, жақын арада бұларды оңайшылықпен ауыстыруымыз екіталай екенін, өкінішке қарай, мойындауымыз керек. Енді ұлттық рухқа келгенде басқа жолдарына көшуге болатын сияқты.

**– Қандай?**

– Жас өскіннен бастау. Орыстілді мектептердегі еңбек, музыка, дене шынықтыру, алғашқы әскери дайындық сабақтарын толық мемлекеттік тілге көшірмей, қазақы кадр дайындау ісі жоғала береді. Білім саласына бөлініп жатқан миллиардтардың бір бөлігін тарих ақтаңдақтарын ашуға бөлсе, көп олқылықтың орны толар еді. Біздің уақыттың солдаттары осы қалғанымен қалды. Жер-жерде дәстүр мен ғұрыпқа байланысты түрлі шаралар өтіп жатыр. Осылардың сапасын арттыру маңызды. Әуелі, санадағы бодандық түндігін ысырып тастай алсақ дейсің. Отарсыздандудың өзі – сол бодандық санадан құтылу. Жалтақтық пен жағымпаздық соның ішіне кіреді. Бір әңгіме есіме түсіп отыр. Баяғыда құл ұстаудың екі жолын пайдаланған екен. Бірі – мәңгүрттік, екіншісі – аяғы ауыр әйелдерді әкеліп, күйеулерін өлтіреді. Әлгі әйелдің үрейі іштегі балаға сіңіп кетеді екен. Міне, осы үрейді сыртқа шығарып, ұлттық мәселеге келгенде кідірмеуге тырыссақ қой. Қазақтың небір мықты жігіттері жүр арамызда, біз өз-өзімізге, ақылымызға сенсек, талқыға түсіріп, "езіп" келе жатқан көше атауын ауыстыру ең оңай шаруа болады.

**– Ғаламторды шулатып жүрген Оғыз Доғанның ісін қалай қабылдадыңыз? Кейбіреуі "жай ғана шоу" десе, енді бірі "нағыз патриот" деп жарыса жазды.**

– Бір қарасаңыз, өмірдің өзі шоу. Оғыз Доған ұйықтап жатқан қазағың тұрмақ, мінберде жүрген "сымақтарға" ой салды. Өз тілін менсінбейтін қазақтың намысына тиді. Мұндайлар қажет бізге. Өз басым бұны көріп отырып ұялдым. Іштей ойланып қаласың. Бірақ, бұл аз. Оғыз Доған шулатты-шулатты да қойды. Қайтадан өзіміздің көнбістікке келдік. Осы мәселелерді бастапқыда еш саясиландырмай шешіп алуымыз керек еді. Бұл әуелі жастарға керек. Қазақы мінез жетпей жатыр. Хас батырлар ханның алдында да төменге қарап тұрмаған. Қазір жылтыр нәрселерге қызыққандар, "понт" үшін ұрандайтындар көбейіп барады. Қала мен ауыл қазағы деп бөлуді де қойдық. Бұрын тілді қолдану бойынша ажыратылатын. Бір өзгешелігі, асфальтта өскен бала қанша жерден қазақша сайраса да, оның бойынан еуропалық тәрбие көрініп тұрады. Қаладағы қазақ өз ағайынының үйіне емін-еркін кірмейді. Мойындайық, қала көптеген қазақы қасиеттерді жоғалтты. Соңғы уақытта бұл ауыл қазағына да тән болып барады. Бес саусақ бірдей емес, арамызда қазақ тілін біліп, түсініп, қазаққа жаны ашымайтын, өзінің қарақан басын ойлайтын азаматтар бар. Керісінше, қазақша сөйлей алмайтын, патриоттық тәрбиесі мықты, елім деп тұрған бауырлар бар. Демек, қазір тілден бұрын тәрбиені жөнге келтірсек пе деймін. Тәрбиесіз, жалаң ойлы қазақтың өзінің тілі мен ұлтына қарсы шығуын жоққа шығара алмай-

сыз. 1930 жылғы қазақты қынадай қырған ашаршылық пен қудалаудың бас жағында қазақтар да болған. Дін мен дәстүрді бұзуға сеп болған да сол қазақтар. Сол себепті, тілді басқаларынан бөліп алып, жеке құндылық ретінде қарастырудың өзі дұрыс емес. Өзге ұлттың қазақ тіліне емес, қазақ ұлтына деген көңілі маңыздырақ.

**– Осыдан 4 жыл бұрын шыққан кітабыңызды "Қазақ болайық!" деп атапсыз. Мұқабасына қарағанда "қазақты қазақ болуға шақырудың не қажеті бар?" деп тіксініп қаласың. Жалпы, қазақтың тағдырын тақырып етіп, ғаламторда өз атағын шығарып жүргендер көбейді. Осылардың ойын өзгерту қаншалықты қиын?**

– "Сананы тұрмыс билейдіге" салсаң, сұрағыңның жауабын табасың. Шынайы өмірде басқа, виртуалды әлемдегі ұстанымы бөлек адамдарға әкім тұрмақ, әкесі де тоқтам сала алмауы мүмкін. Өйткені, оның ойы өзіне дұрыс көрінеді. "Фейсбук" пен "ватсаптағы" өмірі қиындап кеткен кезде, ол дұрыс жолға өзі-ақ оралады. Меніңше, қазақ қоғамының психологиясында бір қарама-қайшылық бар. Бір жағынан, жалған мақтаншақ болса, екіншіден, өз-өзін кемсітушілік, өз күшіне сенбеушілік бар. Осы бір парадокстың себепсалдарын талдайтын ғылыми зерттеу жұмысы керек пе деп қаласың. Қазақ болып қалудың бір жолы – материалдық тұрғыда баю. Сонда ешкімге кіріптар болмаймыз. Қызық феномен бар. "Өзаған, ақшаға болса, есектің артын жуады" дегенді айтып жүр ғой. Мұны әзіл деп қарауға да болады, сайып келгенде, қазақ аштан өліп бара жатса да ешқашан есектің артын жумаған. Тіпті, ұсақтүйек, тұрмыстық жұмыстармен айналысқысы келмейтін қазақтар бар. Оны еріншектікке жатқызуға болмас. Ол аз десеңіз, қазақ саудамен айналыспаған. Ол да сырттан келді. Шымкентте түрлі ұлт өкілдері шоғырланған бір аудан бар және шаруалардың бәрі мақта егеді. Бірақ, көбі қазақтардан бай тұрады. Неге екенін анықтасақ, басқа ұлттың адамдары мақтаны өздері егіп, өздері жинайды, өздері сатады. Ал біздікілер өздері егеді де, жинап-сату жағына адам жалдайды. Сөйте тұрып, басқалар байып бара жатса, ішіміз күйеді. Бұл – қазақтың кертартпа мінезі.

**– Жасыратыны жоқ, елден безіп, ақша қуып, шет елді паналауға кеткендер туралы әлеуметтік желілерден оқып жатырмыз. Сіздіңше, біз бақытты ұлтпыз ба?**

– Ноғай халқын жақсы білесіздер. Қазақ халқы тарихында Ноғайлы заманының орны ерекше. Жолым түсіп, Ресейдегі ноғайлар орналасқан өңірге бардым. Өзім кітап салып апарған "Алматы кітаптың" сөмкесін қоқысқа тастай салайын десем, сондағы бір жігіт болмай, сұрап алды. Түсінбей, аңтарылып қалдым. Сөйтсем, ол пакет сыртындағы ұлттық нақышқа қызығып тұр екен. Олар ең болмаса бауырлас елдің өзіне тән белгісін қызықтағанды медет тұтады. "Аға, қазақтар, бақыттысыздар ғой. Армандарыңыздың бәрі орындалды. Біз әлі жүрміз", – демесі бар ма?! Негізі, бастапқыда мән бермедім. Кейін үйге келіп, ойланып отырсам, расында да біз қандай бақытты елміз! Он бесінші ғасырда Ноғай елі қандай еді? Ұлттық тарихы, мәдениеті – түгел құлдырап кеткен. Бұл – бір ғана мысал. Әрине, елдігіміз бар деп, тып-тыныш жата беруге болмайды. Басшылар үлкен мақсаттар қойды. Қазақ өз-өзіне күледі. Әлеуеті қарыштаған хандық болдық десек, тағы да күлеміз. Ел ішінде "қазақбайшылық", "қазақбайлау" деген сөздерді айтып жүр. Соңғы кездері кейбір БАҚ бұларды бас тақырыпқа қоятын болыпты. Аталған сөздер "сапасыз", "тиянақсыз", "жартыкеш" дегендермен синоним ретінде қалыптасты. Бұған кім кінәлі? Дастарқан басында "қазақбайский" деп отыратын қазақ кінәлі! Әлемде ресми мойындаған екі жүзден астам ел бар дейді. Соның ішінде жер көлемі жөнінен тоғызыншы тұру деген – үлкен жауапкершілік. Соны әуелі әр қазақ сезінсе ғой!

## "Киелі жер" мәртебесін кім бекітеді?

**– Соңғы жылдары тарих саласында қомақты еңбек етіп келесіз. Қазақ пен өзбектің тарихқа байланысты ортақ мәселелері қордаланып қалды. Ташкент қаласы Сырдария облысының орталығы болды әрі Алаш зиялыларының көбі Өзбекстанда тұрды. Бүгінде осы бағыттағы зерттеу жұмыстары көлеңкеде қалып қойғандай. Қысқасы, Өзбекстан архивтері біз үшін әлі жабық...**

– 1916-1917, 1920 жылдары болған оқиғалар әлі де зерттеуді қажет етеді. Сондықтан, Қазақстандағы Өзбекстан жылында гуманитарлық, әдебиет, мәдениет саласындағы ынтымақтастықтан үлкен үміт күтеміз. Ғалымдарға архивпен жұмыс істеуге жол ашылуы тиіс. Бірақ, қазір жаңа президент Шавкат Мирзияев келгеннен кейін жол ашылады деп жүрміз. Өйткені, ол жақында Абай Құнанбайұлының шығармашылық мұрасын насихаттау туралы қаулыға қол қойды. Екі ел арасындағы рухани байланыс қайтадан жанданып келеді. Бұйырса, екі жақтың тарихшылары бір ауқымды жобаны қолға алуы тиіс. Оны нақты ашып айтпай-ақ қояйын.

**– Тарихшылардың арасында еңбегі ескерілмей жатыр деген кімді атайсыз? Бәлкім, әлдебір зерттеушінің жұмыстары көлегейленіп кеткен шығар. Мұны сұрап отырған себебім, бір ғана Кенесары тақырыбын зерттеп жүргендер қарама-қарсы пікір айтады.**

– Мынанікі дұрыс емес, анау белсенді деп айтқаным болмас. Шын маманның еңбегі әйтеуір бір жарыққа шығады. Тек оларға насихаттау керек. Бүгінде нағыз тарихшыдан гөрі журналистер мен әдебиетшілер тарих жазатын болып кетті. Насихатталу жағынан да солар алда. Әдебиетшінің әдістемесі тарихшынікінен басқа. Тарихшының еңбегінен гөрі тақырып ескерілмей жатыр деген жөн. Қазақтың еркіндігін армандаумен кеткен асылдарымыздың есімдері толық ашылмай, тіпті, айтылмай келеді. Соларды түгендеу бү-гінгінің еншісінде. Осыдан 8 жыл бұрын белгілі ғалым Дихан Қамзабекұлынан Мәскеу қаласындағы "Донской" зиратындағы шіркеуде Смағұл Сәдуақасовтың сүйегінің күлі жатқанын естіп, арнайы іздеп бардым. Зират басшылығына марқұмның күлін елге қайтару туралы өтініш жаздық. Сондай-ақ, Балқаш қаласына қойылған Ағыбай батырдан бөлек, отаршылармен соғысқан қаншама батырлар болды. Соларды білеміз бе? Тағы бір мысал, көбі Кенесары тақырыбын зерттеліп бітті деп ойлайды. Рас, Бекмаханов құнды еңбек қалдырды. Одан кейін де бірекі тарихшы зерттеуге тырысты. Бірақ, олар да толық аяқтамады. Патша әскерінің орталыққа жіберіп отырған хаттарында Кенесарының Торғай, Ырғыз, Ұлытау, Қарақұмның жерлерінде жүргенінен бастап, қай қыстақта болғанына дейін бар. Біз бұл күнде Кенесары жорықтарының нақты маршрутын жасай алмай отырмыз.

**– Ол үшін көп қаржы қажет пе?**

– Жоқ. Тек архивтерді ақтарып, уақыт бөлу қажет. Әуелі, Алаш әскерін зерттеген жөн. "Алаш әскерін зерттеуге болмайды" дейтін уақыт артта қалды. Кезінде Дина Аманжолова сияқты ғалымдар бастап, Мәмбет Қойгелді ағамыз қостады. Ары қарай тоқтап қалды. Тарихшыларда талпыныс жетпей жатқандай көрінеді. Тағы бір білетінім – жоғарыда айтқан Кенесары тақырыбы өз адамын күтіп отыр. Тың деректер әлі де шығады. Қазір кедергі жоқ. Сондықтан мүмкіндік бар кезде пайдаланып қалған дұрыс.

**– Өзіңіз Алаш әскері тақырыбына қалай келдіңіз?**

– 1917 жылы қазақ жерінің барлық аймағында Қазақ комитеті құрылып жатты. Кейін оның бүкілі бірігіп, Алаш комитетіне айналды. Зерттелмей жатқан тақырыптың бірі сол Алаш әскері-тін. Ғалымдар мен тарихшыларымыздың жекелеген еңбегі болмаса, толыққанды Алаш әскерінің саны қанша болды, оны кімдер басқарды, мақсаты мен құрылымы қандай болды деген сұрақтар мені бұрыннан-ақ мазалап жүр еді. Сондықтан, Ресей мен біздің елдегі архивтерден біраз құжаттарды жинадық. Ресейде тарихи-әскери құжаттардың жиынтығын ұсынатын "Белый фонд" деген архив бар. Сол жерде Азамат соғысынан бері көптеген тарихи құжаттар сақталып қалған. Біздің Алматы, Семей архивтерінде, Томск, Омбы архивтерінде де кездеседі. Соның барлығын да түздік. Күні кеше Қостанай архивіне барып, 16 әскери туралы дерек тауып алдым. Негізі, Қостанайда мыңға жуық әскері бар екі полк болды. Соның бірі – "Конно-киргизский полк". Бұл дегенің – Алаш әскері. Осы ретте бір назар аударарлығы, бұл тізімді қызылдар жасаған. Мәселен, әскер құрамындағы Есмұхамед Тоқаев, Жүсіпқұл Жүсіпов, Әлмұхамед Есжанов есімді сарбаздарға "джигит" деген атақ беріпті. "Джигит" – қатардағы сарбаз. Міне, әріптестерімізге, тіпті қостанайлық тарихшыларға тағы бір шаруа шықты. Олар ерінбей өздерінде бар архивтерді ақтарса, көп нәрсенің бетін ашар еді.

**– Ғалымдардың пікірінше, "сакральды география" – халық тұрмысында өшпей сақталған мәдени жады. Тарихи оқиғалар бір бөлек, мәдени орындар туралы жер-жерде аңыздар шықты. Атабабасының тарихына үңіліп, түп-тұқиянын зерттеп, көнеден жеткен салт-дәстүрлерін келешек ұрпаққа аманаттау кез келген ұлт өкілінің ұлы мұраты екеніне дау жоқ. Дегенмен, тағы да сол ғаламтор беттерінде болсын, Қазақстанның қасиетті 100 орнына байланысты арағідік қарама-қайшы пікірлер айтылып жатты. Өзінің өткенін білуге деген талпынысқа шалағайлық араласып, өлкетанушылар өзімшілдікке салынып, өз ата-тегін асқақтатуға тырысады деген күмәнға да негіз бар сияқты. Бұған не дейсіз?**

